




АТЫНДАҒЫ
БІЛІМ ГРАНТЫ

Нариман Қуанышғалиұлы Ишмұхамедов

ГРАНТ ТУРАЛЫ
ТОЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

МАЗМҰНЫ

01

Н.Қ. ИШМҰХАМЕДОВ

Өмірі мен ғылыми мұрасы

02




ГРАНТ ТУРАЛЫ

Мақсаты, бағыттары және қатысу шарттары


03

**ҚАРАҒАНДЫ ИНДУСТРИЯЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

Грантты іске асырудың базалық алаңы



01



КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМНЫҢ, МЕТАЛЛУРГТЫҢ ЖӘНЕ ПЕДАГОГТЫҢ ӨМІРІ МЕН МҰРАСЫ

1929 — 2009

ӨМІРБАЯНЫ — ӨМІРЛІК ЖӘНЕ КӘСІБИ ЖОЛЫ

- 1929 — 31 шілдеде Орал округінің Қара-Төбе ауылында дүниеге келді.
- 1951 — Мәскеу Болат және Қорытпалар институтын «Инженер-металлург» мамандығы бойынша тәмамдады.
- 1951–57 — Қазақстан металлургия зауытында шебердің көмекшісі → шебер → ауысым бастығы → мартен цехы бастығының орынбасары қызметтерін атқарды.
- 1957–61 — Қарағанды халық шаруашылығы кеңесінің бас болат қорытушысы.
- 1962 — кандидаттық диссертациясын қорғап, техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды.
- 1963 — доцент ғылыми атағы берілді.
- 1964 — Алма-Ата қаласындағы «ҚазҚараМет» бірлестігінің бас инженері болып тағайындалды.
- 1970–88 — Зауыт-ЖОО-ның (қазіргі Қарағанды индустриялық университеті) ректоры.
- 1994 — «Металлургия» мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді.

НЕГІЗГІ МЕРЗІМДЕР

18жыл институт ректоры қызметінде болды

60+ ғылыми еңбек және 5 монография

1995 «Қазақстан Республикасының ғылым және техника саласының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді

«Өндірістік-басқарушылық қызметті ғылыми-зерттеу жұмыстарымен табысты ұштастырды»

КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМНЫҢ, МЕТАЛЛУРГТЫҢ ЖӘНЕ ПЕДАГОГТЫҢ ӨМІРІ МЕН

МҰРАСЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ

Оның қызметі жылдарында келесі нысандар салынды, пайдалануға берілді немесе едәуір дамытылды:

- Инженерлік-құрылыс факультетінің оқу корпусы
- Metallургиялық мамандықтарға арналған оқу-зертханалық корпус
- Оқу залы бар кітап қоймасы
- Спорт кешені
- Салтанатты іс-шараларға арналған Студенттер сарайы
- Студенттік асхана
- Студенттік жатақхана
- Студенттік санаторий-профилакторий
- Профессорлық-оқытушылық құрамға арналған тұрғын үй

КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУ

- Қазақ студенттері мен оқытушыларының санын едәуір арттыруға ықпал етті. 1970–1980 жылдары жекелеген факультеттерде олардың үлесі 80%-ға дейін жетті.
- Өнеркәсіп кәсіпорындарымен, ғылыми ұйымдармен және Қазақстанның, КСРО-ның әрі шетелдің жетекші жоғары оқу орындарымен берік байланыс орнатып, инженерлік кадрларды даярлау сапасын едәуір арттырды.

БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ДАМУ

- Институт 1 факультеттен, 2 кафедрадан және 5 мамандықтан 26 кафедрасы бар, оның ішінде 12 бітіруші мамандандырылған кафедрасы бар ірі оқу орнына айналды.
- 1988 жылға қарай жоғары оқу орнында 254 оқытушы еңбек етті, олардың жартысынан астамының ғылыми дәрежелері мен атақтары болды.

18 жылдық басшылық кезеңінде институт еліміздің жетекші техникалық жоғары оқу орындарының біріне айналып, оның білім беру, ғылыми және инфрақұрылымдық әлеуеті едәуір кеңейді.

МАРАПАТТАРЫ МЕН ҚҰРМЕТТІ АТАҚТАРЫ

1995

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен
«Қазақстанның ғылым және техника саласының еңбек сіңірген қайраткері»
құрметті атағы берілді.

МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТТАР

1966

«Құрмет Белгісі»
ордені

1970


«Ерен еңбегі үшін»
медалі

1979

Қазақ КСР Жоғарғы
Кеңесі
Президиумының
Құрмет грамотасы



02



ГРАНТ ТУРАЛЫ МАҚСАТТАРЫ, БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

ГРАНТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

01

Дарынды және болашағы зор студенттерді қолдау

02

Жоғары білімге қолжетімділікті кеңейту

03

Академиялық үлгерімді, тәртіпті және әлеуметтік жауапкершілікті ынталандыру

04

Кәсіби дамуға, ғылыми белсенділікке және әлеуметтік жауапкершілікке бағдарланған көшбасшылар қауымдастығын қалыптастыру

05

Білім беру бастамасы арқылы Нариман Қуанышғалиұлы Ишмұхамедовтің есімін ұлықтау


БАСЫМ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ



Түсті металдар
металлургиясы



Қара металдар
металлургиясы




Материалдарды
қысыммен өңдеу




Металдарды
қысыммен өңдеу
технологиясы



Өнеркәсіптік
объектілерді
энергиямен
қамтамасыз ету



Автоматтандыру
жүйелерінің
инженериясы



Бизнес
экономикасы

ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ

КІМ ҚАТЫСА АЛАДЫ

Қазақстан Республикасының азаматтары, Теміртау қаласының немесе Қарағанды облысына қарасты жақын маңдағы елді мекендердің аумағында тұрақты тұратын, тіркелген немесе білім беру ұйымын тәмамдаған тұлғалар, атап айтқанда:

Күндізгі оқу нысаны бойынша толық оқу мерзіміне түсетін талапкерлер келесі талаптарды бір мезгілде орындауы тиіс:

- ҰБТ нәтижесі — кемінде 75 балл;
- басым білім беру бағдарламасына түсу.

ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

1. Академиялық үлгерімі.
2. Мотивациялық эссе.
3. Ғылыми, қоғамдық, волонтерлік, спорттық немесе өзге де әлеуметтік маңызы бар қызметке қатысуы (дипломдар, грамоталар, сертификаттар, алғыс хаттар).
4. Басым білім беру бағыттарына сәйкестігі.
5. Үміткердің Теміртау қаласымен, оған жақын орналасқан елді мекендермен және/немесе Қарағанды облысымен аумақтық байланысы (тіркеуі, тұрақты тұруы, осы аумақтағы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымын аяқтауы немесе өзге де құжаттармен расталуы).
6. Әлеуметтік жағдайы (жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; көпбалалы отбасылардың балалары; жауынгерлік іс-қимылдарға қатысушылардың немесе Ауған соғысы ардагерлерінің балалары; толық емес отбасылардан шыққан балалар).

БАЙҚАУ КЕЗЕҢДЕРІ



ӨТІНІМ БЕРУ ТӘРТІБІ. ҮМІТКЕР КЕЛЕСІ ҚҰЖАТТАРДЫ ҰСЫНАДЫ:

01

Өтініш

02

Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі

03

Оқып жатқанын немесе оқуға қабылданғанын растайтын құжаттар

04

Транскрипт немесе оқу үлгерімін растайтын өзге құжат, ал талапкерлер үшін — ҰБТ сертификаты

05

«Менің қоғамның дамуына қосатын үлесім және неге Нариман Қуанышғалиұлы Ишмұхамедов атындағы атаулы грантқа лайықпын» тақырыбындағы мотивациялық эссе


06

Үміткердің Теміртау қаласымен, оған жақын орналасқан елді мекендермен және/немесе Қарағанды облысымен аумақтық байланысын растайтын құжаттар

07

Бағдарламаға қатысуын растайтын өзге де құжаттар

03



**ҚАРАҒАНДЫ ИНДУСТРИЯЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**
ГРАНТТЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ БАЗАЛЫҚ
АЛАҢЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТЕКШІ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ

60+

елдің инженерлік элитасын
даярлау тәжірибесі

3000+

университетте білім
алатын студент

65+

білім беру
бағдарламасы

90%


түлектердің жұмысқа
орналасу көрсеткіші

УНИВЕРСИТЕТТІҢ МИССИЯСЫ



- R&D саласындағы білім беру технологияларын енгізу арқылы индустриялық өңірлер үшін жоғары білікті инженерлік кадрларды даярлау.
- ҚарИУ — базалық салаға арналған базалық жоғары оқу орны.

НЕГІЗГІ ДЕРЕКТЕР

- Орналасқан жері: Теміртау қаласы, Республика даңғылы, 30.
- Заманауи оқу корпустары мен зертханалар.
- Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық.
- Білім беру үдерістерін цифрландыру.



platonus.tttu.edu.kz



tttu.edu.kz

НАЗАР
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!